

Б.С. Байменова
А.Ә. Ысқақ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: botagoz.baymenova@mail.ru)

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің кәсіби дамуы

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру саласындағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, бағыттары мен ерекшеліктері теориялық және практикалық тұрғыда қарастырылады. Зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік мәселелерімен айналысатын бірқатар шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен қызметтері, соның ішінде кәсіби дайындықты дамытуға үлес қосқан қазақстандық ғалымдардың зерттеулері талданады. Әр түрлі аспектілердегі психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын ашу үшін «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі», «жан-жақты құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік», «кәсіби даму», «инклюзивті орта», «инклюзивті білім беру» ұғымдарына жан-жақты талдау жасалынған. Мақала мазмұнында авторлар инклюзивті және интеграцияланған білім беру процесінің ерекшеліктерін, қызметін, тенденциясын және тарихи даму жағдайына салыстырмалы талдау жасайды. Атап айтқанда, ол американдық мектептердің озық тәжірибелеріне және олардың білім беру жүйесіндегі ұлттық моделі мен парадигмасына негізделгендігін дәлелдейді. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуына әсер ететін факторларға тоқталады. Мұғалімнің кәсіби дамуы оның шеберлігімен тығыз байланысты. Сондықтан да жаңа бағыт, жаңа парадигма мұғалім мамандығының да өзгеруін талап етеді. Автор, сонымен қатар кәсіби дамудың әр түрлі деңгейлерін, ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін теориялық тұрғыда терең дәлелдейді.

Түйінді сөздер: инклюзивті орта, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық-психологиялық құзыреттілік, интеграция, коммуникативті құзыреттілік, инклюзия процесі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-32-38>

Түсті: 2.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 2.03.21

Кіріспе

Отандық педагогикада инклюзивті білім беруді қалыптастыру мұғалімдерге бірқатар маңызды міндеттер қояды. Мұғалімнің кәсіби стандартында мұғалімге қажетті жаңа дағдылар мен біліктіліктер белгіленген. Соның бірі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі және дайындығымен тығыз байланысты.

Инклюзивті білім берудің методологиялық негізін синергетикалық көзқарастағы зерттеулер құрайды (И. Е. Аверина, С. В. Алехина

, Т. п. Дмитриева, М. М. Семаго. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды оқытудың психологиялық және әдіснамалық негіздері Л.И. Аксенова, Б.А. Архипов, Л.И. Белякова, Е.А. Александров және т.б. еңбектерінде зерттелген.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте «құзыреттілік» ұғымы әртүрлі интерпретацияланады. В. А. Болатов., В.В. Сериков құзыреттіліктің концептуальды негізін талдай отырып, құзыреттілік білім беру мазмұнының негізгі мәселелерін шешудің тұтас

тәжірибесін қамтиды» – деп тұжырымдайды И.Оралбекова құзыреттілік компоненттері ретінде білік, дағды, ептілікті қынады [1].

Шет елдер тәжірибесінде (АҚШ, Англия, Германия, Франция) «құзыреттілік» педагогтың біліктілігі мен ептілігінің, жеке қасиеттерінің әлеуметтік құрамдас бөлігіне қойылатын талаптар ретінде ұғынылады (Д.Ж. Мерилл, Д.З. Стевик) [2].

Г.М.Коджаспированың сөздігінде «құзыреттілік» термині авторитарлық жүйе ретінде анықталған [3].

«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» ұғымы 90-шы жылдардағы Ресей педагогикасында жиі қарастырылды. Кәсіби құзыреттілік проблемасы әртүрлі аспектіде зерттелді. Е.В. Бондаревская, Е. В. Попова, А. И. Пискунов, Б.С. Гершунский құзыреттілікті кәсіби білім деңгейімен байланыстыратын болса, Д.М. Гришин, Н. В. Кузьмина, А. К. Маркова, М. Митина жеке тұлғалық қасиеттердің бірлігін көрсетеді, ал Т.Г.Браже, Н.И.Запрудский сияқты ғалымдар құзыреттілікті кәсіби талаптарды орындауды жүзеге асыратын білім, білік және дағдылардың жүйесі деп анықтайды.

Хуторской А. В. «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» ұғымын педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі ретінде қарастырады [4].

Қоғамның интеграциялық үрдістері мен білім парадигмасының жаңаруы құзыреттілік, біліктілік мәселесіне маңызды фактор ретінде қарауды ұсынады. Құзыреттілік педагогикалық әдебиеттерде әртүрлі аспектіде қарастырылады. Атап айтсақ,

- басқарушылық аспекті: мұғалімдер оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынас арқылы оқу процесін талдайды, жоспарлайды, бақылайды және ұйымдастырады;
- психологиялық аспекті: мұғалімнің оқушыларға әсері, мұғалім білім алушылардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін ескереді;
- педагогикалық аспекті: мұғалім тұтас педагогикалық үрдісті ұйымдастыру барысында жаңа технологиялар мен әдістерді қолданады.

А.К.Маркова өзінің докторлық диссертациясында мұғалімнің құзыреттіліктерін дамытудың педагогикалық шарттарын ұсынады:

Атап айтқанда, арнайы құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, жеке құзыреттілік.

- Арнайы құзыреттіліктерді игеру барысында болашақ маман теориялық білімді тәжірибеде қолдана білуге үйренеді;
- Әлеуметтік құзыреттілік қоғамдық сананы қалыптастырудың формасы ретінде, вербалды және вербальды емес қарым-қатынасты қолдануды жүзеге асырады, социумда әлеуметтенуге және бейімделуге бағытталған кәсіби өзара әрекеттестік;
- Жеке кәсіби құзыреттілік мұғалімнің психологиялық эмоциялармен жұмыс жасауы, танымдық көзқарастарды дамытуы, тұрақты мінез-құлық қалыптастыруға бейімделуі.

Осы зерттеулерді негізге ала отырып, М.А.Ермағанбетова құзыреттілікті сапалы дамытудың элементтерін көрсетеді:

- мотивация (педагогтың жұмысына деген қызығушылығы, өз саласында белгілі бір жетістікке жетуі);
- когнитивті (оқыту процесінде өзінің мүмкіндігіне сәйкес қабілетін дамыту);
- эмоционалды-ерікті (мұғалімнің интеллектуалды дамуы).

Біз өз зерттеуімізде инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілікті меңгеруінің принциптері мен заңдылықтарын қарастырмақпыз.

Негізгі бөлім

Инклюзивті оқыту және тәрбиелеу – бұл жалпы білім беру процесінің қызметін ұйымдастыру барысында жүзеге асатын күрделі және ұзақ мерзімді мемлекеттің стратегиялық бағыты. Бұл процесіне барлық субъектілер қатысады: табиғи нормадан ауытқыған балалар мен отбасы мүшелері, мұғалімдер мен мектептің басқа да мамандары (пән мұғалімі, медицина қызметкерлері, әлеуметтік педагог, психолог, дефектолог т.б.). Біз, білім беру процесін жүзеге асыратын мұғалімдердің құзыреттілігіне тоқталмақпыз.

Қазіргі заманғы мұғалімдерге, жаңа қызметтерді орындауға байланысты талаптар қойылады: әртүрлі білім беру топтарымен жұмыс істеуге қажетті технологияларды өз бетінше таңдау, шығармашылықпен пайдалану, мегаполисте немесе ауылда тұратын физикалық және зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі балаларға көмектесу[5].

Білім беруді реформалау жағдайында болып жатқан әлеуметтік-педагогикалық процестердің мәнін түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау қабілеті бар мұғалімдерді даярлау қажеттілігі туындайды. Дені сау балалармен ғана емес, әртүрлі ауытқулары бар балалармен де жұмыс істейтін жоғары деңгейлі мектеп мұғалімдері қажет.

Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы мектеп мұғалімдерін даярлауға арналған дәстүрлі оқыту формасы қандай да бір дамуында ауытқуы жоқ балаларға білім беру қызметіне басымдылық береді. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды жұмысқа даярлау көбінесе білім алушыларға қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың барлық жүйесін қамтымай, инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындықтың жекелеген элементтерін дамыту негізінде жүзеге асырылатындығына байланысты болады.

Құзыреттіліктің мынандай түрлерін бөліп көрсетуге болады: академиялық құзыреттіліктер (жаңа білімді үйрену); әлеуметтік-жеке құзыреттіліктер (қоғам мен мемлекеттің мүддесін негізге алу); кәсіби құзыреттіліктер (проблемаларды тұжырымдауға, міндеттер қоюға, оларды шешу жолдарын айқындауға, жоспарлар әзірлеуге және педагогикалық қызметтің түрлі салаларында олардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құзыреттіліктер)

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, өз кезегінде, маманның жеке басының сапалы сипаттамасы болып табылады, оған пәндік салада да, педагогика мен психология бағытында да ғылыми-теориялық білімнің тереңдігімен сипатталады.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі:

- мұғалімнің теориялық білім жүйесін және оларды нақты педагогикалық әдістерде

қолдану тәсілдерін қамтитын көп факторлы құбылыс;

- мұғалімнің құндылық бағдарлары, сондай-ақ мәдениетінің интегративті көрсеткіштері (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және оның қызметіне, ғылымның басқа салаларына байланысты қатынасы және т. б.)

А.К.Маркова кәсіби құзыреттіліктің маңызды компоненттерінің бірі ретінде жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше игеру, сонымен қатар оларды тәжірибеде пайдалану мүмкіндігін атайды.

Ресейлік зерттеуші Е.В. Коточитова педагогикалық құзыреттіліктің иерархиялық моделін ұсынады, онда әрбір келесі блок алдыңғы блокқа сүйенеді, келесі компоненттердің «өсуіне мүмкіндік жасайды.

Модельді құрайтын блоктар педагогикалық құзыреттіліктің алты түрі болып табылады:

- Білімділік
- қызметтік
- іс-әрекеттік
- коммуникативті
- эмоционалды
- тұлғалық
- шығармашылық

Орыс зерттеушісі С.А. Дружилов мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің келесі компоненттерін анықтайды: мотивациялық-ерікті, функционалды, коммуникативті және рефлексивті.

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалім мына талаптарды ескеруі қажет:

- инклюзивті білім деген не, оның дәстүрлі білім беру формаларынан айырмашылығы неде екенін түсіну және ұғыну;

- инклюзивті білім беру жағдайында балалардың жас және тұлғалық дамуының психологиялық заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу;

- дамуында ауытқушылығы бар балаларды және қалыпты дамуы бар балаларды бірлесіп оқыту үшін оқу процесін психологиялық және дидактикалық жобалау әдістерін білу;

- білім беру ортасының барлық субъектілері арасында (оқушылармен жеке және

топта, ата-аналармен, әріптестермен-мұғалімдермен, мамандармен, басшылықпен) педагогикалық өзара іс-қимылдың әртүрлі тәсілдерін іске асыру.

И.Н.Хафизуллинаның кәсіби дайындық үдерісінде мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ұстанымы қызықты. Автор болашақ мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігін олардың кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде, мазмұнды және функционалды құзыреттілік деп топтастырады.

Қазіргі жаһандану әлемінде бәсекелі мұғалім еңбек нарығының талаптарын қанағаттандыру үшін келесі құзыреттер жүйесіне ие болуы керек:

- әлемдік мәдени үлгілердің, мәдени құзыреттіліктің этникалық ерекшеліктеріне сену, салыстыру және тексеру мүмкіндігі;
- өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзету, білім беру және ғылыми дағдылар арқылы бүкіл педагогикалық процесті ұйымдастыруға қабілетінің болуы;
- қоршаған ортамен қарым-қатынасты, мұғалім мен оқушының арасындағы субъективті әрекеттестікті, байланыс арқылы ұжыммен байланысты үйлестіру мүмкіндігінің болуы;
- ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық орта құру, электронды оқулықтар арқылы нәтижеге бағытталған оқытуды ұйымдастыру мүмкіндігінің болуы;
- қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру мүмкіндігінің болуы.

Мұғалімнің құзыреттілігі оқыту процесін ұйымдастыру барысында қалыптасады. Оқыту процесі мұғалім мен оқушының арасындағы күрделі іс-әрекет[6].

Гуманитарлық пәндер мұғалімдері мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға табысты бейімдеу үшін пәннің мазмұнын, әлеуметтік, мәдени, тәрбиелік аспектілерін жақсы білулері қажет.

Көркем-эстетикалық цикл пәндерінің мұғалімдері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың физиологиялық, психологиялық, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдасты-

рады. Сөйлеу, есту, көру мүмкіндігінің ауытқу себептерін диагностикалау нәтижесін негізге ала отырып, қоршаған ортаның жағымды жағын қабылдау және эстетикалық қасиеттерді сезінуге үйрету.

Б.Б.Телжанқызының зерттеу еңбегіне назар аударатын болсақ, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың үш негізгі компонентін ұсынады. Әдістемелік, теориялық және ғылыми-әдістемелік. Автордың пайымдауынша, мұғалім қазіргі білім беружүйесінде оқыту әдістемесі мен дидактиканың негіздерін жақсы білуі қажет.

Бастауыш сынып мұғалімдері мен даму мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдері білім беретін оқу бағдарламаларын оқушының білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуі қажет.

Сынып мұғалімі (сынып жетекшісі) даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға мынадай бағыттарда арнайы қолдау көрсетеді: оқушыларға оқу процесі шеңберінде жұмысты ұйымдастыруға; балалар ұжымын қалыптастыру және дамыту (жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру); ата-аналармен ынтымақтастық.

Литва университетінің доценті А. Galkiene өз зерттеуінде атап өткендей, мұғалім оқушылардың жеке топтарын ғана емес, оқушылардың әртүрлі мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін тікелей білуі керек.

Инклюзивті білім беру үдерісінде мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін қарастырайық, ол келесі құзыреттіліктерді қамтиды:

- мұғалім сыныптағы әр баланың мүмкіндіктерін ескеріп, сезінуі және қабылдауы қажет;
- ерекше қамқорлықты қажет ететін оқушыларды табысты әлеуметтендіру;
- инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыруға қызығушылықпен қарау;
- сынып ұжымында ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға жағымды атмосферасын құруға ұмтылу;
- арнайы педагогика мен психологияның теориялық-әдіснамалық негіздерін, жеке әдістемелерді, білім алушылардың даму деңгейінің диагностикасын білу;

- әлеуметтік ортаға табысты кіріктіру мен ықпалдастыруды ұйымдастырудың негізгі тұжырымдамаларын, технологияларын және ерекшеліктерін, туындайтын психологиялық-педагогикалық проблемаларды, кедергілер мен тәуекелдерді білу;

- ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың даму мүмкіндіктерін, жас және жеке ерекшеліктерін білу;

- педагогикалық-психологиялық қолдаудың педагогикалық міндеттерін шешу үшін қажетті ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және жетілдіру қабілеті;

- инклюзивті мектептің тұтас педагогикалық процесінде нақты кәсіби міндеттерді шешу қабілетінің болуы;

- білім алушылардың, ата-аналардың, пән мұғалімдерінің, әкімшіліктің, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті білім кезінде педагогикалық қызметті құрастыру қабілетінің болуы;

- бұл тәжірибені тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін педагогикалық процесс субъектілерімен өзара конструктивті іс-қимылды жүзеге асыру қабілетінің болуы;

- оқу бағдарламаларын ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне бейімдей білуі;

- мүмкіндігі шектеулі балалармен өзара қарым-қатынас орната білуі;

- ерекше білім беру мүмкіндіктері бар білім алушылардың жетістіктерін бағалай білуі;

- ерекше білім беру мүмкіндіктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу процесінде арнайы әдістемелік құралдарды меңгеруі;

- арнайы білім берудің коррекция әдістемелері мен технологияларын меңгеруі.

Жоғарыда аталған мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті меңгеруі инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметті пайдалануда кәсіби дайындығын анықтайды.

Нәтиже

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қатысты педагогтерде психологиялық кедергілердің, теріс әлеуметтік көзқарастар мен стереотиптердің болуы, бұл олардың жұмыстарын күрделендіре түседі.

Жалпы білім беру ұйымдарының педагогтерін баланы қабылдауға ынталандырудың заңнамалық бекітілген жүйесінің болмауы білім беру процесін ұйымдастыру барысында бірқатар кедергілерге ұшыратады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, И.А. Оралканова мұғалім инклюзивті мектептің табысты болуы үшін:

- қиындықтарға қызығушылық танытады және әртүрлі тәсілдерді қолдануға дайын;
- жеке қажеттіліктерді құрметтейді;
- басқа топ мүшелерінің ұсыныстарын тыңдап, қолдана алады;
- сыныпта басқа ересек адамның қатысуымен өзін сенімді сезінеді;
- бір командадағы басқа мамандармен жұмыс істеуге келіседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А. Включение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. – Алматы: Эверо, 2019. – 231 с.
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 152 б.
3. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – М: Академия, 2001. – 325 с.
4. Хуторской А. В. Определение общепредметного содержания и ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов. Сб. науч. тр. – М: Образование, 2007. – 12 с.

5. Абульханова-Славская К.А. Проблема соотношения личности, индивидуальности субъекта Институт психологии. - М: РАН., 2012. -185 с.
6. Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образования. - М.: Образование, 2004.

B.S. Baimenova, A.A. Iskak

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Formation of teachers' competencies in an inclusive education environment

Abstract. The article discusses ways, directions, and features of the formation of professional competence of teachers in the field of inclusive education, both in theoretical and practical terms. The study analyzes a research and practice of many foreign scientists dealing with issues of professional competence, including Kazakh scientists who have contributed to the development of professional training. To reveal the essence and content of psychological and pedagogical competence in various aspects, there was carried out a comprehensive analysis of the concepts of «professional competence of a teacher», «comprehensive competence» and «professional competence», «professional development», «inclusive environment», «inclusive education». The authors conducted a comparative analysis of features, activities, trends, and state of the historical development of the inclusive and integrated educational process. It highlights that American schools are based on best practices and their national model and paradigm in the education system. In the context of inclusive education, there are considered factors affecting the professional development of a teacher. The professional development of a teacher is closely related to his or her skills. Therefore, a new paradigm requires a change in the teaching profession. The author also theoretically proves in depth various levels, features, and possibilities of professional development.

Keywords: inclusive environment, professional competence, psychological and pedagogical competence, integration, communicative competence, the process of inclusive education, modernization of the educational process.

Б.С. Байменова, А.А. Ысқақ

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Формирование компетенций учителей в среде инклюзивного образования

Аннотация. В статье рассматриваются пути, направления и особенности формирования профессиональной компетентности педагогов в области инклюзивного образования как в теоретическом, так и в практическом плане. В ходе исследования анализируются исследования и деятельность ряда зарубежных ученых, занимающихся вопросами профессиональной компетентности, в том числе казахстанских ученых, внесших вклад в развитие профессиональной подготовки. Для раскрытия сущности и содержания психолого-педагогической компетентности в различных аспектах проведен всесторонний анализ понятий «профессиональная компетентность учителя», «всесторонняя компетентность» и «профессиональная компетентность», «профессиональное развитие», «инклюзивная среда», «инклюзивное образование». В содержании статьи авторами проводится сравнительный анализ особенностей, деятельности, тенденций и состояния исторического развития инклюзивного и интегрированного образовательного процесса. В частности, они доказывают, что американские школы основаны на передовом опыте и их национальных модели и парадигме в системе образования. В условиях инклюзивного образования затрагиваются факторы, влияющие на профессиональное развитие учителя. Профессиональное развитие учителя тесно связано с его мастерством, поэтому новое направление, новая парадигма требуют изменения и профессии учителя. Авторы также представляют различные уровни, особенности, возможности профессионального развития.

Ключевые слова: инклюзивная среда, профессиональная компетентность, психолого-педагогическая компетентность, интеграция, коммуникативная компетентность, процесс инклюзивного образова-

ния, модернизация образовательного процесса.

References

1. Movkebaeva Z.A., Oralkanova I.A. Vkluyuchenie detej s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostyami v obshcheobrazovatel'noj process [Inclusion of children with special educational needs in the general education process] (Evero, Almaty, 2019, 231 p.). [in Russian]
2. Kazakhstan Respublikasynda inklyuzivti bilim berudi damytudyn tyzhyrymdamalyk tasilderi [Conceptual approaches to the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan] (Y.Altynsarin atyndagy YBA, Astana, 2015, 152 p.).
3. Kodzhaspirova G.M., Kozhaspirov A.Y. Pedagogicheskij slovar. [Pedagogical Dictionary] (Akademiya, Moscow, 2001, 325 p.).
4. Hutorskoj A. V. Opredelenie obshchepredmetnogo soderzhaniya i klyuchevyh kompetencij kak harakteristika novogo podhoda k konstruirovaniyu obrazovatel'nyh standartov [Definition of general subject content and key competencies as a characteristic of a new approach to the construction of educational standards]. Collection of scientific papers (Obrazovanie, Moscow, 2007, 12 p.).
5. Abul'hanova-Slavskaya K.A. Problema sootnosheniya lichnosti, individual'nosti sub»ekta Institut psihologii [The problem of the correlation of personality, individuality of the subject Institute of Psychology] (RAS, Moscow, 2012, 185 p.).
6. Zimnyaya I.A. Kompetentnostnyj podhod v obrazovanii. Problemy kachestva obrazovanii [Competence-based approach in education. Problems of quality of education] (Obrazovanie, Moscow, 2004).

Авторлар туралы мәлімет:

Байменова Б.С. – корреспондентия үшін автор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Мұнайтпасов көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ысқақ А.Ә. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Мұнайтпасов көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Baimenova B.S. – Corresponding author, Associate Professor of Social Pedagogy And Self-Knowledge Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Munaitpasova str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Iskak A.A. – Master's degree in Social Pedagogy and Self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Munaitpasova str., Nur-Sultan, Kazakhstan.